

ОЖСӨЖ тақырып № 5: Бата, тілекке байланысты ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты (шығыс қазақстан аймағы материалдары бойынша)

Сабақтың мақсаты: Халықтық наным-сенімінің айқын көрінісі бата-тілек сөздердің жиналып, зерттелуі туралы мәлімет беру, бата-тілек сөздердің этнос мінезін түсініп, айқындаудағы қызметіне тоқталу

Негізгі сұрақтар:

1. Қазақ халқының бата-тілек сөздері туралы қысқаша шолу
2. Бата-тілек сөздердің мағыналық мәні, сөздік жүйесі
3. «Бата» алу, «бата» беру дәстүрінің тілдегі көрінісі
4. Бата алу, бата беру – халықтың магиялық, тотемдік сенімдерінің көрінісі
5. Қазақ ескіліктері

Тапсырма: Берілген сұрақтар бойынша жауапты дәптерге жазу

1. Қазақ тіліндегі бата-тілек сөздерді зерттеген ғалымдарды атаңыз?
2. «Бата» сөзінің этимологиясын қалай түсіндіруге болады?
3. «Бата алу» салтының магиялық көрінісі неде? Бұл салттың бүгінгі жалғасы қалай орын алған?
4. «Абай жолы» романында Құнанбайдың Әмірге қандай теріс бата бергенін есіңізге түсіріңіз? Сондағы Нұрғанымның жағдайы қандай болды?
5. Ескіліктер дегеніміз не?

Салт-дәстүріміздің сәнін келтіріп, мәнін арттыра түсетін өміршең жыр үлгісінің бірі – бата-тілек. Өз топырағымыздан жаралып, өз жеріміздің ауасы мен суынан нәр алып, шынайы халықтық сипатқа бөленіп салтымызға сіңісті боп кеткен, бірақ кез келген жайға арналып айтыла бермейтін бата-тілектің тағылымдық мәнінің орасан зор екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Оның өн бойынан бәрін де – ой ұшқырлығын, ақыл-парасатты, өмірлік тәжірибені, кемелдік пен көсемдікті, шешендік пен шеберлікті байқауға болады. Әр кезеңде туған әрбір бата-тілек бүтін бір дүние іспетті. Ол өзінің терең философиялық астарымен, эстетикалық тағылымымен, көркем құнарымен, тілдік өрнегімен ерекшеленіп тұрады.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 11 апта